

## Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 18 қазандағы № ВС-28-4 шешімі. Ақмола облысы Жақсы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 26 қарашада № 1-13-121 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 наурыздағы № 5С-2-5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 27.03.2012 № 5С-2-5 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Мұқтаж азаматтардың келесі санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» Республикалық Мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның Ақмола облыстық филиалы Жақсы аудандық бөлімшесімен ұсынылған тізімдердің негізінде Ұлы Отан соғысы қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жылдығына орай жеті айлық есептік көрсеткіш көлемінде және жазылу сәтіндегі жазылу бағасы көлемінде облыстық мерзімді басылымға жеңілдікпен жазылуды ресімдеу ;

«Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» Республикалық Мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Ақмола облыстық филиалы Жақсы аудандық бөлімшесімен ұсынылған тізімдердің негізінде концлагерлердің жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жылдығына орай үш айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

«Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» Республикалық Мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Ақмола облыстық филиалы Жақсы аудандық бөлімшесімен ұсынылған тізімдердің негізінде қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің әйелдеріне (күйеулеріне), жалпы ауруға шалдығудан мүгедек деп танылып қайтыс болған соғысқа қатысушылардың әйелдеріне (күйеулеріне) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жылдығына орай үш айлық есептік көрсеткіш көлемінде және коммуналдық қызмет шығынына бір жарым айлық есептік көрсеткіштің көлемінде ;

«Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» Республикалық Мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Ақмола облыстық филиалы Жақсы аудандық бөлімшесімен ұсынылған тізімдердің негізінде бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан – Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде), 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдарға, сонымен қатар Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарынан мүгедек болған адамдарға, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы жылдары тылда 1941 жылдың 22 маусымынан алты айдан кем емес жұмыс істеген (қызмет еткендерге) адамдарға Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жылдығына орай үш айлық есептік көрсеткіш көлемінде ;

«Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» Республикалық Мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Ақмола облыстық филиалы Жақсы аудандық бөлімшесімен ұсынылған тізімдердің негізінде жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жылдығына орай үш айлық есептік көрсеткіш көлемінде және жазылу сәтіндегі жазылу бағасы көлемінде аудандық мерзімді басылымға жеңілдікпен жазылуды ресімдеуге;

ауыл және ауылдық округтары әкімдерімен ұсынылған тізімдердің негізінде Халықаралық қарт адамдар Күніне орай өндірістен қол үзген зейнеткерлерге бір айлық есептік көрсеткіш көлемінде ;

2 ) мүгедектерге :

емделуге бару жолының, сонымен жүріп-тұру қиындығы кезінде ілесіп жүрушілерге төлеу Ақмола облысының шеңберінде екі айлық есептік көрсеткіш көлемінде, Ақмола облысынан тыс жерлерге он айлық есептік көрсеткіш көлемінде ;

дәрі-дәрмекті сатып алуға біржолғы он айлық есептік көрсеткіш көлемінде; алдын-ала емдеуге біржолғы елу айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

«Жақсы ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесімен ұсынылған тізімдердің негізінде «Надежда» аудандық спартакиадасына қатысушыларға екі айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

«Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» Республикалық

Мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Ақмола облыстық филиалы Жақсы аудандық бөлімшесімен ұсынылған тізімдердің негізінде 1,2 топ мүгедектеріне мүгедектер Күніне орай бір айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

ауыл және ауылдық округтары әкімдерімен ұсынылған тізімдердің негізінде 18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларға Халықаралық балаларды қорғау Күніне орай бір айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

3) белгілі бір жағдайларға байланысты шұғыл әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға (азаматтарға):

Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін құжаттарды ресімдеуге он айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше апатқа байланысты жиырма айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

дәрігерлік-кеңестік комиссияның анықтамасы негізінде онкологиялық аурумен ауыратындарға оталық емдеуден кейінгі кезеңге біржолғы он айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

үйсіздерге (белгілі тұратын жері жоқ тұлғаларға) біржолғы он айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

бас бостандығынан айыру орнынан босағандарға біржолғы он айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

4) ауыл және ауылдық округтары әкімдерімен ұсынылған тізімдердің негізінде жан басына шаққандағы табысы кедейшілік шегінен төмен отбасыларға (азаматтарға) негізгі тағам өнімдерінің, қуат жеткізгіштердің қымбаттауына байланысты отбасының әр мүшесіне ай сайын жарты айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

5) ауыл және ауылдық округтары әкімдерімен ұсынылған тізімдердің негізінде жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күн көріс деңгейінен төмен көп балалы отбасыларға негізгі тағам өнімдерінің, қуат жеткізгіштердің қымбаттауына байланысты екі айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

6) туберкулезбен ауыратындарға:

Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Жақсы орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынымен ұсынылған тізімдердің негізінде фтизиатр-дәрігерде есепте тұрғандарға ай сайын екі айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

туберкулездік диспансерде емделуде жатқандарға біржолғы он бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде;

7) колледждердегі оқудың күндізгі бөлімінде оқитын ауылдық елді мекендердегі аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан студенттерге оқытуды төлеу үшін оқыту бағасының көлемінде.

**Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақмола облысы Жақсы аудандық**

мәслихатының 2011.06.17 № С-34-5 шешімімен

1-1. Әлеуметтік көмекті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі қосымшаға с ә й к е с а н ы қ т а л с ы н .

Ескерту. Шешім 1-1-тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2011.06.17 № С-34-5 шешімімен

2. Аудандық мәслихаттың 2010 жылдың 7 сәуірдегі № ВС-25-4 «Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» шешімінің (2010 жылғы 14 мамырдағы Жақсы ауданының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-13-109 тіркелген, 2010 жылдың 28 мамырында аудандық «Жақсы жаршысы» № 23 газетінде жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы шешім Жақсы ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

сессиясының төрағасы	Аудандық мәслихат Б.Жанәділов
мәслихатының хатшысы	Жақсы аудандық Б.Жанәділов
КЕЛІСІЛГЕН	
Жақсы ауданының әкімі	И.Қабдуғалиев
мекемесінің бастығы	«Жақсы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бөлімі» Л.Сейдахметова

Жақсы аудандық мәслихатының  
2010 жылғы 18 қазандағы  
№ ВС-28-4 шешіміне қосымша

### Әлеуметтік көмекті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі

Ескерту. Шешім қосымшамен толықтырылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2011.06.17 № С-34-5 шешімімен

1. Мүгедектерге емделуге бару жолының, олармен жүріп-тұру қиындығы кезінде ілесіп жүрушілерге төлеу:
  - 1) өтініш;
  - 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
  - 3) 16 жасқа дейінгі балаларға туу туралы куәліктің көшірмесі;

- 4) мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі;
- 5) өтініш берушінің есеп айырысу шотының көшірмесі;
- 6) әлеуметтік жеке код беру туралы куәліктің көшірмесі (бұдан әрі - ӘЖК);
- 7) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 8) дәрігерлік мекеменің емделуге берген жолдаманың көшірмесі.

2. Мүгедектерге дәрі-дәрмек сатып алуға:

- 1) өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) 16 жасқа дейінгі балаларға туу туралы куәліктің көшірмесі;
- 4) мүгедектігі туралы анықтама көшірмесі;
- 5) өтініш берушінің есеп айырысу шотының көшірмесі;
- 6) ӘЖК көшірмесі;
- 7) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 8) дәрі-дәрмек сатып алуға мұқтаждығы туралы дәрігерлік мекеме құжатының көшірмесі.

3. Мүгедектерге алдын-ала емдеуге:

- 1) өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі;
- 4) өтініш берушінің есеп айырысу шотының көшірмесі;
- 5) ӘЖК көшірмесі;
- 6) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі.

4. Отбасыларға (азаматтарға) азаматтықты алу үшін құжаттарды ресімдеуге:

- 1) басқа мемлекет азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

- 2) көші-қон картасының көшірмесі;
- 3) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаттың көшірмесі, басқа мемлекет азаматтың жеке басын куәландыратын құжаты болмағанда азаматтығы жоқ адамның куәлігінің көшірмесі;
- 4) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

5. Отбасыларға (азаматтарға) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше апатқа байланысты:

- 1) өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) өтініш берушінің есеп айырысу шотының көшірмесі;
- 4) ӘЖК көшірмесі;
- 5) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 6) төтенше апатты растайтын құжаттың көшірмесі.

6. Онкологиялық аурумен ауыратындарға оталық емдеуден кейінгі кезеңге:

- 1 ) ө т і н і ш ;
  - 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
  - 3) өтініш берушінің есеп айырысу шотының көшірмесі;
  - 4 ) Ә Ж К кө ш і р м е с і ;
  - 5) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
  - б) ота өткізілген фактісін растайтын, ауру тарихынан үзінді.
7. Үйсіздерге (белгілі тұратын жері жоқ тұлғаларға):
- 1 ) ө т і н і ш ;
  - 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
  - 3) өтініш берушінің есеп айырысу шотының көшірмесі;
  - 4) азаматтың осы санатқа жататындығы туралы ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппаратының анықтамасы.
8. Бас бостандығынан айыру орнынан босағандарға:
- 1 ) ө т і н і ш ;
  - 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
  - 3) өтініш берушінің есеп айырысу шотының көшірмесі;
  - 4 ) Ә Ж К кө ш і р м е с і ;
  - 5) бас бостандығынан айыру орнынан босаған фактісін растайтын құжаттың көшірмесі .
9. Туберкулезбен ауыратындарға, туберкулездік диспансерде емделуде жатқандарға :
- 1 ) ө т і н і ш ;
  - 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
  - 3) өтініш берушінің есеп айырысу шотының көшірмесі;
  - 4 ) Ә Ж К кө ш і р м е с і ;
  - 5) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
  - б) туберкулездік диспансерде емделуде жатқандығы туралы дәрігерлік мекеменің анықтамасы .
10. Колледждердегі оқудың күндізгі бөлімінде оқитын ауылдық елді мекендердегі аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан студенттерге оқытуды төлеу үшін :
- 1 ) ө т і н і ш ;
  - 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
  - 3) өтініш берушінің есеп айырысу шотының көшірмесі;
  - 4 ) Ә Ж К кө ш і р м е с і ;
  - 5) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
  - 6) оқу орнын растайтын анықтама;
  - 7) оқуға келісім-шарттың көшірмесі;
  - 8) отбасының табысы туралы мәліметті немесе көп балалы отбасы мәртебесін

растайтын құжаттардың көшірмелері.

11. Салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, содан кейін өтініш берген күні құжаттардың түпнұсқалары өтінушіге қайтарылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК